

М. БИЖАНОВА

ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАҚЫТ МӘСЕЛЕСІ

Бақытты болуға ұмтылу адамға жаратылысынан сіңген табиғи құбылыс, дін әрқашан бұл мәселені адамгершілік заңды аттамай, ешкімге зиянын тигізбей шешуге тырысады. Қазіргі уақыт туралы Н.Л.Сейітахметова: «XXI ғасыр – постмодернистік секуляризм және діннің қайта өрлеу кезеңі, қалай? демей, не үшін? деп сұрақ қоятын уақыт. Ол бізді ортағасырға жоғалған сенім мен махаббатымызды қайта табуға үміттендіреді...» дейді [1].

Діннің қайта өрлеуі дегеніміз – жаппай дінге кіру емес, сенім нормаларына сай өмір сүру деген сөз. Қайта өрлеу – мүмкіндіктердің, сенімнің болуының, тұрмыс қызығын сезінудің, яғни руханилық деңгейінің өсуі. Діннің адамның дүниетанымына әсерін қалай бағалауға болады? Философтар дін қоғам мен жеке тұлғаларға белгілі бір қызметтер ұсынады деп тұжырымдайды:

1. Дін дүниетаным негізі болғандықтан адам-ға әлем құрылымын түсіндіріп, оның осы әлемдегі орнын анықтап, өмір мәнін көрсетіп береді.

2. Дін адамдарға үміт, рухани қанағаттану, тірек болады.

3. Белгілі бір дінге сенген адам іштей өзгереді, шындық пен жақсылыққа сенеді.

4. Дін қоғам мен жеке адамның да рухани өмірін сақтап, әсер етуші фактор, ол халықтың мәдени мұрасын сақтаушы.

Ислам – тек дүниетаным емес, адамгершілік жайлы ғылым, ол Қазақстан, Орта Азия, Шығыстағы көптеген елдердің адамгершілікте дамуына әсер етуде. Исламдық этикалық ой исламдық өмірбейнесін анықтайтын, ислам дін ретінде пайда болғалы өмір сүріп келеді. Бірақ бұл ойдың теологиялық-этикалық жүйеде қалыптасуына көп уақыт керек болды, алдымен мұсылмандардың қайнаркөздерінің негізі болып табылатын Құран мен Суннада бейнеленген мұсылмандардың моральдық нормалары құрастырылды. Исламдық этикалық ой Құран мен хадистердегі жазбаларға сүйеніп, мұсылман қоғамына қажетті тәрбие принциптерімен қанағаттандырды.

Құрандағы моральдық жазбалар қарапайым өмірдегі барлық жағдайды: отбасы қатынастарын, туыстар арасындағы қатынастарды, басқа діндегі адамдармен қарым-қатынасты, сауда-саттық пен тоқумен айналысуды қамтыған. Ислам жазбалары бойынша бақытты тек құдайға сыйыну арқылы, тек соны тыңдау арқылы табуға болады. Сондықтан осы

жазбаларға сүйеніп, мұсылмандар өз жолдарын таңдайды. Бұл мұсылман ойының нақ ортасы және ислам жолын қушылардың рухани өмірінде маңызды рөл атқарды. Мұсылман нағыз адам болу үшін таза, өз ісіне адал, сөйлеген сөзіне мұқият болуы керек. Сонда ғана ол Алла алдында, адамдардың алдында сыйлы болады. Діни сезім адамның ішкі сезімін кеңейтеді, оған жаңа күш береді. Дін – өмірге сеніммен қарауға, жеңілтектіктен арылуға әкелетін, адамды жеңіл әрі қуанышты жағдайға жеткізетін күш. Адамды бақытты қылатын басты нәрсе – өзінің менмендігімен күрестен туған махаббат, себебі нағыз махаббатқа өз құмарлығын жеңу арқылы жетеді, құмарлықтан құтылған адам руханилыққа жақындайды. Сондықтан адам өмірінің мәні Аллаға ұқсас рухани адам болу болып табылады. Ортағасырдағы және кейінгі дәуірлердегі ойшылдардың Құранның бірінші сүресінен бастамағандары жоқ. Ақтамберді, Үмбетей, Бұхар, Қабан жыраулардың адамгершілік-этикалық көзқарастарында исламның әсері анық көрінеді.

М.Мынбаев: «...біздің өнегелік, адамгершілік жағдайымызды түзеудің бірден-бір жолы Шығыс ойшылдарының рухани мұрасын терең зерттеп, үйрену. Өткен уақыттың адамгершілік-рухани құндылықтарының сабақтастығы арқылы біз қазақстандық қоғамның жоғары жетістікте дамуын көре аламыз», – дейді [2].

Шығыс араб-мұсылман философиясының өкілі әл-Фараби мұрасындағы бақыт мәселесінің маңыздылығы оның философиялық мәнімен ұштасып жатыр. Бақытқа жету – ғұлама философиясының алға қойған басты мақсаттарының бірі. Адам баласы өз тіршілігінде бақытты болуға тырысатыны, соған ұмтылатыны шындық. Бірақ әркім бақыт деген ұғымды әрқилы түсінеді. Біреулер балалы-шағалы, үрім-бұтақты болсам бақыттымын дейді, енді біреулер білім қуып, ғалым болсам бақыттымын дейді, енді біреулер жоғары лауазымға ие болсам бақытты боламын дейді. Яғни, әр адамның бақыт туралы түсінігі бір-біріне ұқсамайды. Ұлы бабамыздың «Бақыт жолын сілтеу» атты трактатында «...адам абсолюттік бақыт туралы оның өз түсінігі ең дұрыс және ең ұлы немесе ең жетілген (игілік) деп сенеді» – дей келе, «адам бақытының шыңына жету өзі үшін соған жетуді қалайтын адамнан оны игерудің әдісі мен амалын табуды талап етеді» және «артынан не мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайлар-

дың жиынтығы қосыла келгенде ол адам бақытқа жетеді» [3] – деп түйіндейді. Ол кісінің пайымдауына, «әрі мадақтауға, әрі жазғыруға соқтыратын мұндай жағдайлар үшеу» екен: біріншісі – адамның іс-әрекеті, мысалы, орнынан тұруы, отыруы, көруі, естуі; екіншісі – жандүние сезімдері, мысалы, құштарлығы, рахаты, қуанышы, ашуы, қорқынышы, жабырқауы, күйінуі, қызғанышы; үшіншісі – ақыл-парасаты.

«Егер ол оңбайтын іс істесе, онда ол жазғырылуға, егер ісі тамаша болса, онда мадақтауға лайық. Егер оның жандүние сезімі ойлаған жерден шықпаса, онда ол жазғырылуға лайық, ал егер күткендей болып шықса, онда мадақтауға лайық. Егер ол жаман ақыл-парасат (көрсетсе), онда жазғырылуға лайық, ал жақсы парасат (көрсетсе), онда мақталуға лайық» [3]. Яғни адам баласы бақытты болуы үшін оның істеген ісінің дұрыс, халықтың ойынан шағатын, қолдау табатын, мақталуға лайық іс болғаны ләзім дейді.

Әл-Фарабидің адам бақытын теориялық кемелдікке теңеген көзқарасы ғалымның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Интеллект (сөзінің) мағыналары», «Азаматтық саясат» трактаттарында берілген. Әл-Фараби бақытты білім арқылы кемелденумен теңестіреді. Бақыт түсінігін теориялық ізгілік ретінде дәлелдейтін көзқарасы ғалымның «Әс-Сийәса әл-Мәдәнийада» көрініс тапқан, трактатта көрсетілгендей, адамның әрекетшіл ақыл-парасаты кемелдіктің ең жоғарғы сатысына көтерілуіне септігін тигізсе, әрекетшіл ақыл-парасаттың осы деңгейі және сол сатыға адамның жетуі теориялық бақытқа кенелтеді, бұл жағдайда адам жоғары бақытқа қол жеткізеді.

Қазақ мәдениеті идеясының негізі тұлғаны, оның өмір сүру мәнін түсіну болып табылады. Исламдағы адам – бұл рухы бойынша тұлға, табиғаты бойынша жеке адам. Тек рухани әлем ғана адамды бақытты ете алады. Рухани іс-әрекет біздің жердегі өмірімізді теріске шығару емес, біздің бақытқа жету жолымыздағы нағыз өмірімізді қалпына келтіру, біз мәңгі өмірге, яғни Аллаға оралуымыз керек.

Түркі, қазақ философтарының шығармашылығы әртүрлі болғанын айта кетуіміз керек, бірақ олардың барлық жұмыстарында бір ерекшелік байқалады – болашаққа анық ұмтылыс, ойлау жобасының анықтығы, болашақты сипаттауға тамаша қабілет. Бұл жайында профессор С.Е.Нұрмұратов былай деп жазады: «Қазіргі жағдайда әлемдік философия планетарлық этиканың қалыптасуының қажеттілігін білді: жалпыадамдық құндылықтар, әлемге, өмірге біртұтас қатынас, этикалық философиялық ойды

жүйелі зерттеу нәтижелі әрі маңызды. Рухани даналықтарды, дала ойшылдарының өсиеттерін белсенді игеру мәдени мұралардың ең құнды жақтарын анықтай отырып, халықтың адамгершілік әлеуетін ашуға мүмкіндік жасайды. Қазақ халқының дәл осындай дәстүрлі әлеуетінің өзекті болуы ХХІ ғасырдың басындағы руханилықтың тууы үшін маңызды» [4].

Философиялық анықтама бойынша бақыт – адамның өмір қызығы мен қуанышына, рахатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым. Әл-Фараби бақытты әр адамның өміріндегі алға қойған мақсаты ретінде түсіндірген, оның дүниетанымы бойынша адам осы дүниеге бақытқа жету үшін келген. Адам шынайы бақыттың не екенін біліп, оны өзінің өмірлік мақсаты етіп, соған ұмтылып отыруы қажет. Бақыт – көп мағыналы ұғым. Оның басты түсініктері: 1. Бақ-дәулет; 2. Қуаныш, рахат; 3. Жақсылыққа жету, даналық; 4. Өмірден өз орнын табу. «Бақытты өмір сүру – қуанышты болу, дәулетке кенелу, рахатқа бөлену. Адамға қуаныш әкелетін оқиғалар – табысқа қол жеткізу, іс-әрекеттің марапатталуы, алға қойған мақсаттың орындалуы, балашағаның қызығы. Қуаныш сезімі адамға күш беріп, кісінің жігеріне жігер қосады. Алайда қуаныш пен бақыттың арасында айырмашылық та бар. Қуаныштар жасанды бақыт сияқты, олар әртүрлі себептерден туындайды. Қуаныш өткінші, жеке бір сәтке байланысты болса, бақыт – адамның бүкіл өмірінің арқауы. Өмірде адамгершілікке жат, әдептілікке сыймайтын жалған қуаныштардың да кездесуі мүмкін. Қазіргі жағдайда бақытты өмір сүру мәселесі өркениеттілік құндылықтармен (нарық, демократия, адам құқыларын қастерлеу т.б.) тікелей байланысты», – дейді Е.С.Омаров [5].

Қазақ қоғамында бақыт ұғымы адамның тұрмыс жағдайымен тығыз байланыста болған, халық бақытты «бақыт құсы» деп түсінген. Бақыт құсы қолыма қонып, мені бақытты қылады деп ойлаған, ал енді қонбай кетсе, бақытсыздыққа ұшыраймын деп қорыққан. Бақытты болған адамның көңілі көтеріңкі болып, басына тек жақсы ойлар келеді. Ғылыми зерттеулер нәтижесі бойынша бақытты болудың маңызды екенін көреміз, бақытты адамдар ұзақ өмір сүреді, ауруға бой алдырмайды, адамдармен жақсы қарым-қатынаста болады. Бақыт адамдардың кезкелген жерде табысқа жету кепілі. Шын бақытты адам болу бұл байлық та, мансап та емес, ол туа біткен, адамның ықыласымен, тәрбиесімен қалыптасатын қасиет. Жақсы тұрмыс, мол дәулет, биік лауазым да бақытқа бастайтын жол, бірақ ол шын бақыт емес. Адамды бақытқа жетелейтін байлық пен билік болғанымен, бақытқа бастар жол бола тұрып,

үнемі үрей туғызатын күш. Олай болса байлық та, билік те адам басынан ұшып кетуі мүмкін. Сондықтан адам өз тойымсыз нәпсісін тыйып, тәубе деуі керек, барға разы болуы керек. Аллаға рахмет айттып, өзінді тоқтату керек. Психологиялық тұрғыдан алғанда, бақыт – өмірге қанағаттану деп қабылданады. Адам өзі жақсылыққа ұмтылса, жақсылық та адамға қарай ұмтылады, өз ойы арқылы адам дүниедегі жақсылықтарды ғана қабылдауы керек.

«Ең алдымен біліп алатын нәрсе: – дейді әл-Фараби – адам тамаша әрекеттерді кездейсоқ жасауы және өзінің ықтиярынсыз жасауы мүмкін. Осындай жағдайларда жасалған ондай тамаша әрекеттер бақытқа жеткізбейді. Егер осы әрекеттер оның өзінің ықтиярына және (өз еркімен) таңдауына негізделген болса (сол жағдайда), ол бақытқа жетеді. (Адам) өзінің барлық әрекетінде тамаша әрекетті қалайтын болса және өмір бойында осылай ететін болса, сонда ғана ол бақытқа жетеді». Егер адам өз еркімен жамандық жасаса, онда ол бақытсыз болады дейді. Жақсы мінез-құлық пен ақыл екеуі бірігіп, адамшылық қасиеттерді туғызады. Осы екеуі бірдей өз бойымыздан табылса, онда игілікті, қайырымды адам болғанымыз. Әл-Фарабидің мінез-құлық пен денсаулық жайлы айтқан пікірлері қазіргі кездің өзекті мәселесі деп айта аламыз. «Адамның жетілуі оның мінез-құлқының жетілуіне сайма-сай келеді дейміз біз. Адамның мінез-құлқын жетілдіретін әрекеттер оның өз денесін жетілдіру үшін жасайтын әрекетіне ұқсайды. Адамның денесінің жетілуі – денсаулық: егер денің сау болса, онда оны сақтамақ керек, ал егер болмаса, онда денді сауықтыру керек. Денсаулыққа белгілі бір мөлшерді сақтаудың арқасында ғана жететін болғандықтан: мөлшерімен ішіп-жесең денің сау болатыны, мөлшермен еңбек етсең күш қосылатыны сияқты, жақсы мінез-құлық та мөлшерлі әрекеттер арқылы келеді».

Әл-Фараби философиясындағы бақыт түсінігінің Аристотель философиясымен біртектілігі бұрыннан белгілі, бірақ кейінгі зерттеулерге жүгінсек Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық трактаттары мен Аристотельдің «Жан туралы» еңбегінде бақыт түсінігінің қарама-қайшы келетін тұстары кездеседі, бірінде бақыт таза теориялық түрде болса, екіншісінде бақыт теориялық және практикалық іс-әрекет байланысынан туындайды. Ғалым философиясындағы теориялық және практикалық білімдердің сабақтас-тығы бүкіл философиялық ілімінен сезіледі. Әл-Фараби шынайы философ болу үшін ойшылдық және этикалық ізгіліктерді бойына дарыту керектігін бас-

ты шарт ретінде қалыптастырған.

ӘДЕБИЕТ

1. Сейітахметова Н.Л. Феномены веры, надежды и любви в исламской философии // XXII Всемирный философский конгресс (Сеул, 2008). Доклады казахстанской делегации. Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2008. – С.217.
2. Мынбаев Мурат кажы. Будущее – в нравственно-духовной преемственности поколений // Аль-Фараби – Абай: проблема преемственности. – Алматы: Казак университеті, 2007. – С.31.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар // Алматы, 1975. 5-6 бб.
4. Нұрмұратов С.Е., Сатершинов Б.М. Мировоззренческо-этические ценности и история казахской философской мысли // XXII Всемирный философский конгресс (Сеул, 2008). Доклады казахстанской делегации. Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2008. С.253.
5. Омаров Е.С. Бақыт онтологиясы: Әл-Фарабиден бізге дейін // Қазак өркениеті. Казахская цивилизация. №3(35). 2009. 13-б.

Резюме

Рассматривается онтология счастья в сочинениях аль-Фараби, раскрывающие личностные качества человека, его характера и поведения. Автор прослеживает развитие учения аль – Фараби о человеческом благе в морально – этических учениях последующих поколений ученых.

Summary

In this article there is considers ontology of happiness in al – Farabis researching which cut open peoples personal abilities and character pattens. The auther proceeds development of al – Farabis learning about patterns of human being in ethical learning of subseguent generation scientists.